

# Айлық ақпараттық газет Колледж тынысы



**22 қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі.**  
№2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік дінгегі-мемлекеттік тіл» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.  
Мақсаты: Отанға, туған жерге, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақ халқының тарихын, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін кәдірлеуге тәрбиелеу. Қазақ тілінде сауатты, мәдениетті сөйлей білуге дағдыландыру.



**25.09.2014ж.**

№ 2 жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушылары қыркүйек айында «Жарақаттардың алдын - алу» айлығын өткізді. Жол полиция қызметкері Т.И. Герантиди қатысуымен 1 курс білімгерлеріне «Жол жүру ережесі» тақырыбында дәріс оқылды.

## 1 қазан - Қарттар күні

Кең құшағы саялы Қаратаудай  
Алақаны аялы Алатаудай.  
Әңгімесін тыңдасаң қарттарымның  
Көңілің жай тауып бір қалатындай.  
Ақсақалдар сарқылмас дариялар,  
Әр сөзінен көңілге бақ ұялар.  
Сіздерді құрметтейміз, кәдірлейміз  
Аяулы ардагерлер, қариялар!

## Қариясын сыйлаған ел азбайды.

№ 2 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушылары және ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен колледж ардагерлері Қарттар күні мерекесі қарсаңында «Ақыртас» тарихи, қасиетті елді мекеніне барып қайтты.



**02.10.2014ж.**

Қала күніне орай 101, 102, 103, 110, 111 топ студенттері орталық алаңда Тараз қаласының тұрғындарына би билеп өнер көрсетті.

Тараз қаласының әкімі Н.С. Календеров колледж оқытушысы Р.К.Тұрсынбаеваны «Ұлағатты ұстаз» номинациясы бойынша дипломымен марапаттады.



**03.10.2014ж**

*Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,  
Дендеріңнің саулығы мықты болсын.  
Білімнен суарған шәкірттерін,  
Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!  
Ұстаздарым биік тұлға байсалды,  
Құшақ жсайып өз мерекең қарсы алды.  
Қуанышты жарқын тілек білдіріп*

*Құттықтаймыз, ұстаздарым баршаңды!-деп №1 және №2 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары құттықтау кешін ұйымдастырса, Кәсіподақ ұйымы ұстаздарды сыйлықтармен марапаттады.*

## Құттықтаймыз!



Біздің мекен-жайымыз: Тараз қаласы,  
Жамбыл медициналық колледжі  
Ниетқалиев к. 20, 2 қабат  
Әдістемелік кабинет.



# Айлық ақпараттық газет Колледж тынысы



**№1(1) 6 қыркүйек 2014 жыл, дүйсенбі**

## Конституция күні – мемлекеттік мереке!



Ата заңым-ардағым!  
Ата заңым-қорғаным!  
Еркіндігім де, Ерлігім де сенде-Конституциям!  
Төрелігім де, Теңдігім де сенде- Конституциям!  
Мен сенімен-бекеммін, сенімен біртұтаспын, сенімен асқақпын-Ата заңым! Қай елдің болмасын елдігін танытатын өз қағидасы, өз заңы бар. Ол заңның барлық тілдердегі мойындалған атауы сол-Конституция. Конституция- еліміздің арайлы азаматтығының айнымас айғағы, жарқын болашағының бүткімәс бағары.

## Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқын Білім күнімен құттықтады.



«Биыл еліміз бойынша 153 мектеп

қолданысқа беріледі. 2 млн 600 мың оқушы партаға отырса, олардың 300 мыңы 1-сыныпқа келген жасөспірімдер. Былтырмен салыстырғанда, 70 мыңға көп. Осының барлығы Қазақстанның болашаққа деген, біздің келешегімізге деген, біздің кемел еңбегіміз бен мақсатымызды орындау болып саналады. Сондықтан, бүгінгі Білім күнімен баршаларыңызды құттықтаймын. Жасөспірім балаларымыз барлық мектепке келген жастар бақытты болсын. Солардың бағы үшін, солардың болашағы үшін біз 2050 деген бағдарламаны жасадық. Ол бағдарлама бүгінгі мектеп жастарының бағдарламасы. Олар үлкен болып, мамандық алып жұмыс істей бастаған

## 1 қыркүйек – Білім күні!

Құрметті колледж ұжымы мен студенттер!

Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен және 1 қыркүйек - Білім күнімен құттықтаймыз! 1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл мереке кейбір азаматтардың мектеп қабырғасын, колледж және жоғары оқу орындарына барған күндерін еске түсірумен сипат алса, жас оқытушылардың алғашқы жұмыс күні әсері мен толғанысын айғақтайтын ұмытылмас сәттерімен есте қалады.

1 қыркүйек күні колледжде жаңа оқу жылының басталуына орай салтанатты жиын өтті. Колледж директоры Қоңырова С.Қ. сөз алып колледж ұжымын және 1-курс студенттерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап табыс тіледі. Бұл күні колледжімізде 1-курс студенттеріне «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыбында тәрбие сағаттары жүргізілді.



## Бүгінгі нөмірде:

❖ **Конституция күні – мемлекеттік мереке!**

❖ **Білім күні**

❖ **Колледж жаңалықтары**

✓ «Мектепке жол» атты акциясы

✓ Құқық бұзушылықтың алдын алу

✓ Әдістемелік мектеп отырысы

Тәрбие сағаты

**Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі**

**Қариясын сыйлаған ел азбайды**

**Қала күні**

**Ұстаздар күні**



# Айлық ақпараттық газет Колледж тынысы Құттықтаймыз!!!



Ниязали  
Айжан  
Алтайқызы -  
«Емдеу ісі»  
401 топ  
білімгері,  
республикалық  
кәсіподақ шәкіртақы иегері

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығына 8.09.2014 және 10.09.2014 ж аралығында Жамбыл облысы бойынша Жамбыл медициналық колледжінің жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы және білімгерлері: Алтынханов А. 304-топ, Аязбеков А. 311-топ, Бердикулова Т. 407-топ «Еріктілер» мектебіне қатысып сертификаттармен марапатталды.



Аманбай Ақерке  
Мұхтарқызы - «Емдеу  
ісі» 313 топ білімгері  
республикалық  
кәсіподақ шәкіртақы  
иегері



Жылкелді Жайдарлы  
Беймендеұлы - «Емдеу  
ісі» 314 топ білімгері,  
облыстық кәсіподақ  
шәкіртақы иегері

17.09.14ж.

1 курс білімгерлерімен 106, 108, 113 топтармен «Кәмілеттік жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылық алдын алу» жөнінде дәріс оқылды. Дәріс оқығандар: ІПБ ЮПТ лейтенанты Жаксыгулов А.Н. және аға лейтенант Жантілесов А.



17.09.14ж

№ 1 Әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК-ның ұйымдастыруымен өткен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мен түсіндіру жөніндегі қалалық ақпараттық-насихаттық топпен кездесу өткізілді



«Мейіропке ісі» бөлімінде 225 -топпен «Отбасы – отанымыздың ошағы, ұлттық тәрбие - еліміздің болашағы» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ қызының ұлттық келбетін қалыптастыру.

# Айлық ақпараттық газет Колледж тынысы

27.08.2014ж.

Тараз қаласында М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің бас корпусында «Білім берудің инновациялық стратегиясы – мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның тұрақты даму факторы» тақырыбында өңір педогоктарының кезекті тамыз кеңесі өтті. Кеңеске директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Сарыбекова Ж.Н. және әдіскер Мураталиева Н.М. қатысты.

28.08.2014ж.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың қолдауымен және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке жол» атты акциясы шеңберінде Жамбыл медициналық колледжі ұжымы атынан білімгерлер кәсіподақ ұйымының төрайымы Абдрахманова Н. Р. және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Уркимбаева Д. Б. Тараз қаласының Абай атындағы № 26 орта мектебінің тұрмыс- жағдайы төмен оқушылар: А.Әшірхан, Ш.Әбубек, Ж.Сауырбекқызы, А. Нұрахан, Д. Қошановалардың ата-аналарына 10000(он мың) теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді.



10.09.2014ж.

Колледжіміздің құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрағасы Р.Б.Усеновтің ұйымдастыруымен « Менің отбасым – менің қорғаным» тақырыбында 1 курс 101,102,107 топ білімгерлерімен кездесу өткізілді. Кездесу қонақтары: Тараз қаласы №1 ПБ-нің Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі аға инспектор полиция майоры Пискарева Е.М, ОО ГОП «Поколение» өкілі Мамашева Ж.А.



08.09.2014ж.

Жас және жаңадан келген оқытушыларға арналған әдістемелік мектеп отырысы өткізілді.  
Күн тәртібінде:

1. Нормативті- құқықтық базаны оқу. Құжаттарды жүргізу. Аттестация. Педагогика қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар. Педагогика қызметкерлерінің аттестацияға байланысты нормативті құжаттарын оқу. Аттестациядан өтетін оқытушының портфолиосы. (Сарыбекова Ж.Н, Сарыбаева Г.Қ.)
2. Жас және жаңадан келген оқытушыларға арналған сауалнама.
3. Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушылармен танысу және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. (Батаева Л.К.)
4. Қазіргі заманғы сабақ. Ұйымдастыру талаптары. Сабаққа мақсат қоюдың негізі. Мақсат қоюдың әдістері. (Тілеген Б.С.)
5. Сабақты талдау және оның негізі. Сабақты өздігінен талдау. (Баяхмет Д.Б.)



13.09.2014ж.

Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Тараз Жастар орталығы» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған «Үлгілі отбасы» атты спорттық сайыс өткізілді. Колледж атынан Айнақұлов М.Қ.- Досжанова М.Т. қатысып І-орын, Ержанов Б.Т.- Исмаилова А.Е. ІІ-орынға ие болды.

